



Ағымдағы жылдың 30 қазан - 6 қараша аралығында Талдықорған қаласында Астана қаласының 20 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 120 жылдығына арналған «Қазақстан – Еуразия жүрегі» атты Қазақстан және Орталық Азия елдерінің VII Халықаралық театрлар фестивалі өтті.

Фестивальге Башқұртстан, Түркия, Қырғызстан, Озбекстан, Түркіменстан елдерінің театрлары және Қазақстаннан бірнеше театр ұжымдары қатысты.

Фестиваль аясында Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Опер академиясында мемлекет және қоғам қайраткері, білім мен өнер жанашыры Темірбек Жүргеновтің туғанына 120 жыл толуына орай Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Сондай-ақ, шара барысында арнайы қорға ұйымдастырылып, Т.Жүргеновтің өміріне арналған деректі фильмнің твсаукесер рәсімі өтті.

Аталмыш фестивальге Қызылорда облыстық Н.Бекешанов атындағы қазақ музыкалық драма театры Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» драмасымен қатысты. Спектакльді қойған режиссер - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Х.Әмір-Темір, суретшісі - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері С.Пірмаханов.

Опер додасының қорытындысы бойынша Халықаралық фестивальдің тақырыптық

айнасын ашқан Рахымжан Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» драмасы үш бірдей номинацияға ие болды. Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры ұжымы «Ұлттық авторлардың үздік драмасы» номинациясымен, Жүргеновтің әкесі Қара ролін сомдаған Бакытбек Алпысбай «Үздік екінші пландағы ер адам бейнесі» номинациясымен және Сырым Әбдразақов бас кейіпкердің бейнесін үздік сомдағаны үшін «Үздік ер адам бейнесі» номинациясымен марапатталды.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**